



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

квеста. Он будет оказывать помощь школьникам следовать указанному маршруту, сообщать важную информацию, разъяснять задания, при выполнении которых возникли трудности, а также побуждать в детях наблюдательность и любопытство. В конце квеста необходимо подвести итог. Желательно, чтобы это была некая форма поощрения за успешно выполненные задания. В завершении составления квеста необходимо еще раз пройти по всем навигационным опорным точкам и устранить все недочеты в заданиях. Прохождение квеста как и посещение музея не должны стать тяжелой и утомительной работой. Они должны способствовать отдыху и получению положительных эмоций.

Согласно основным принципам квеста, описанные нами ранее, для музейных квестов целесообразней использовать задания по типу линейного прохождения. Участникам предлагается цепочка заданий, требующих строгого порядка их выполнения. Для музейного квеста целесообразней использовать: исследовательские, соревновательные, а также текстовые задания. Целью исследовательских заданий является поиск информации в границах определенной темы. В соревновательных заданиях выполнение задания предусматривает ограничение по времени. В текстовых заданиях игроки должны найти ответ в тексте самого вопроса. Музейный квест также является мероприятием развлекательного характера, который способствует повышению уровня интеллектуального и культурного развития. Суммируя наши выводы, музейный квест можно определить как дидактическую игру, основанную на пошаговом поиске решения задач для продвижения по индивидуальному экскурсионному маршруту.

Список использованных источников

1. Аванесова, Г.А. Культурно-досуговая деятельность. Теория и практика организации. – Москва: Аспект Пресс, 2006. – 241с.
2. Баруткина, Л.П. Мультимедиа в современной музейной экспозиции // Вестник СПбГУКИ. – Санкт-Петербург, 2011. – № 4(9). – С. 106-109.
3. Жданова, О.В. Использование квест-технологий в инклюзивной подготовке бакалавров психолого-педагогического образования // Специальное образование. – Москва, 2014. – № 10. – С. 97-102.
5. Ибатуллина, Л.Н. Квест как игровая форма проведения досуга // Человек. Общество. Культура. Социализация. Материалы Всероссийской студенческой научно-практической конференции, посвященной 70-летию победы в Великой Отечественной войне. – Уфа, 2015. – С. 580-584.
6. Чистякова, К.В. Причины популярности квестов как формы досуга современных россиян // Человек в мире культуры. – Москва, 2013. – №2. – С. 20-21.

УДК 17.177

ӘЛ-ФАРАБИ ЭТИКАСЫНДАҒЫ БАҚЫТ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Сағынбай Гүлзат Амантайқызы

philosophia.11@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Мамырбекова А.К

Адамның шынайы бақыты - абсолютті құндылық. Сондықтан да, барлық адам оған қарай ұмтылады. Тек, бақыт - кемел адам деңгейіне жеткен, «нұрланған», жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажырата білетін адам. Өнегелік қасиеттерді айыра алмайтын адамдарда бақыт ұғымы шынайы емес, жалған түрде ғана. Бақыт – абсолютті мағынадағы игілік.

Әл-Фараби «Бақытқа жету жолын сілтеу» трактатында: Бақытқа, оған жетуге

бастайтын жолға айрықша назар аударады. Әл-Фараби өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек.

Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен үйлес келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады.

«Бақытқа жету жолын сілтеу» трактатында және басқаларда Әл-Фараби, Аристотельдің әрекеттеу мен қайырымды істердегі орта шама туралы пікірін дамытады. Әл-Фараби ұстамдылықты жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек, және керісінше жетіспеушілік болса, біз молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек, сөйтіп мінез-құлықымызда ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай ете беруіміз керек [1]. Жоғарыда айтылғандар әл-Фарабидің адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» «тәңірден» болмай оларды адамның өзі таңдайтын болатын жағдайда белсенді әрекет факторына қандай зор маңыз бергенін көрсетеді.

Аристотельдің «Никомахтың этикасын» негізге ала отырып, Әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші емес заттарды, практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, Әл-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын «ең ерекше» игілік-ақыл парасат арқылы меңгеріледі. Ақыл парасаттың қызметі қалай болса солай бет алды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат алады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады. Әл-Фарабидің, атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастағаны жөн.

Бір сөзбен айтқанда Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс екен, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды.

Әл-Фараби адам өмірінің мақсаты - бақытқа жету деп түсіндіре отырып, адам әуелі бақыттың не екенін түсініп, оны өзінің мақсаты ретінде анықтап алған соң ғана оған жетудің жолдарын танып-біле алады. Әл-Фарабидің пікірінше, шын бақыттың не екенін түсінуге көмектесетін - адамның ақыл-ойы. Ақыл адамға күш береді, ақыл-ойына көбірек жүгінген адам ғана жақсы мен жаманды айыра алады. Жігердің үш түрі бар, біріншісі - түйсіктен, екіншісі - елестетуден үшіншісі - ойлау қабілетінен туындайды деп көрсеткен әл-Фараби соңғысын еркін таңдау деп атайды және ол адамға ғана тән, басқа жануарларда ол жоқ дейді. Әл-Фараби нағыз бақыт деп *білімге, ізгілікке және әдемілікке* ие болу деп түсінді. Оған жету үшін адамның бойында жігердің осы үш түрінің бәрі де болуы шарт. Бірақ адамдардың бәрі бірдей бақытқа бөлене бермейді, себебі олардың ойлау қабілеттері, мүмкіндіктері әр түрлі. Бақыттың не екенін, оған қалай қол жеткізуді түсінбеген адам өзінің өмірлік мақсаты етіп мүлде басқа нәрсені таңдап алуы мүмкін. Бұл жағдайда адам абсолюттік ізгілік - бақытқа емес, абсолюттік зұлымдыққа тап болатындығын ескертеді.

Әл-Фараби өзінің Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатта еңбегінде өз заманында сирек кездесетін ойлар айтады, тіршілік пен ой пікірдің тарихи негіздерін қайта құру тұрғысынан алғанда аса маңызды қағидалар ұсынады; мұнда адам қоғамының тегі туралы, мемлекеттік құрылыс туралы, қоғамдық тіршіліктің түрлі формалары, адамның этикалық және басқа мінез құлық ережелері туралы баяндалады.

Әл-Фараби жердегі адамдардың бәрі қосылып ұлы қоғамды құрайтынын айтады. Сонымен қатар олардың орташа қоғам, кіші қоғамға бөлінетіндігін, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар екеніне тоқталады. Әсіресе, ғұлама адами құндылықтар әлемі өркениеттің өзіндік үлгісі болған (шынайы немесе жалған) қалалардан іздейді. Мәселен, ғұламаның мынандай тұжырымдары кездеседі: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық - қайырымды

халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ» [2, 36 б.]. Адам өмірін жәй ғана сүрмей, үнемі қайырымдылық жасауға, ізгілікке, жақсылыққа қарай ұмтылуға қажеттігін ескертеді ұлы ойшыл, сонымен қатар қоғамдағы ең негізгі рухани құндылықтарға «Өзара көмектесуді» жатқызады. Әлеуметтік қатынастарға руханилық құбылысы араласқанда, нәр бергенде ғана шынайы құндылықтар қалыптасатынына меңзейді. Ал, енді осындай қоғамды, қаланы басқарушы адамның көпшілік алдында жауапкершілігі көп екенін ескеріп, оған көптеген шарттар мен талаптар қояды. Сөйтіп, қайырымды қаланы қайырымды адамның басқарғанын қалайды.

«Қайырымды қала, надан қалаға, өнегесіз қалаға, алыс-беріс қала мен адасқан қалаға карама-қарсы», - деген пікірді білдіреді әл-Фараби. Қоғамдағы рухани құндылықтармен ерекше идеялардың ішінен әл-Фарабидің атап көрсететін ерекше ұғымы –«қайырымдылық» феномені болып табылады. «Қайырымдылық екі түрлі болады, - дейді ғұлама: этикалық және интеллектуалдылық. Интеллектуалдық- (жанның) ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат, ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық - (жанның) ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік. Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді» [1, 25 б.]. Бұл жерде этикалық қайырымдылықтардың нағыз рухани құндылықтар екенін атап өтуге болады. Сонымен қатар осы қасиеттердің тұрақтануы үшін көп рет қайталануы және соған үйренуі қажет екендігі айтылады. Адамның тұлға болып қалыптасуында ойшыл Алланы бірінші тұлға ретінде қабылдай отырып, өмірдің өзгерістерін түсіндіруде үнемі қайта жаңғыру –«эманация» идеясын басшылыққа алады. Бұл дүниенің өзгермелі қасиетін мойындау, сонымен қатар тұрақты негізі бар екендігін де ескеру болып табылады. Ғаламды барынша ұқыпты сараптаудан, жіктеуден өткізген ойшыл адамның өмірінің мәнін бақытқа жетумен байланыстырады. Бірақ бақытқа жетуді ол кәдімгі өзімшілдіктен ажырата біледі. Сондықтан әл-Фарабидің негізгі әлеуметтік концепциясы гуманизм принципіне сүйенген.

Бақыт ұғымы, бақыт идеясы әл-Фараби философиясын өзегін құрап тұр. Бұл феноменнің адам үшін құндылығы аса зор екендігі үнемі ескертіліп отырылады. Бақыт мәселесін жан-жақты қарастырған ойшыл мынандай тұжырымдарды келтіреді: «бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет - бұл әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершілік пен әдеттер - бұл қайырымды нәрселер» [1, 195 б.]. Сөйтіп, гуманизм мәселесі негізінен адам болмысының түптамасын құрайтын - қайырымдылық, әділеттілік, бақытқа ұмтылу, ақыл-парасаттылық құбылыстарымен байланыстырыла отырып қарастырылады. Бұл ортағасырлық Шығыс философиясы үшін үлкен теориялық жетістік болатын. Әсіресе, «бақытқа жетудің жолы философиямен айналысу» - деген тұжырымы бұл азаматтарды білімге, оқуға, ағартуға шақыруының белгісі.

Моральдік абсолюттердің адамның бойына жиыла қойылуы оңай емес екендігін, оның бір актілі процесс еместігін терең түсінген ойшыл өзінің жеке басының ісімен де қоршаған әлеуметтік ортаға үлгі болуға тырысады. Оның кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен барлық жұмыстарынан, философиялық трактаттарынан өте ізгілікті жанның интенциясы, шабыты, шығармашылығы, ықыласы сезіледі. Бұл әл-Фарабидің даналығының белгісі, әлемді, адамдарды, табиғатты сүйгендігінің көрінісі. Бұл ғұламаның руханилыққа шақырған, рухани құндылықтарды бағалауға итермелеген әрекеті деп түсінеміз.

Әл-Фарабидің адамның зердесіне көңіл бөлу жөніндегі ойы - тұлғаның бойынан шығармашылықтың қайнар көзін, субстанциясын, белсенділіктің түптамасын іздеуі болып табылады. Ал, өмір болса - шексіз таным процесі іспетті және осы тынымсыз үрдісте адам жетілуге тиісті. Осы ауқымы кең процестен шеттеп қалған адам үнемі қайшылықтар мен қиындықтарға тап болады, өмірдегі шынайы құндылықтар жүйесінен алыстай түседі. Сөйтіп, потенциалды зерденің нақты, әрекетшіл зердеге айналуы жеке бастың ерекше белсенділігіне телінеді. Бұл жердегі жауапкершілік әркімнің өзінде. Ал, оны үйлесімді жүйеге түсіру процесінде философияның ерекше құдіреті бар деген ойға жетелейді. Әл-Фарабидің бұл

пікірі кездейсоқ қалыптаса қойған жоқ. Ол өзінің рухани ұстаздары: Платон мен Аристотельдің философиялық көзқарастарына сүйене отырып, ежелгі грек қоғамындағы философияның атқарған ролі араб, түркі елдерінде де болса екен деген асқақ арманға ұмтылды. Әрине, Зерде мен Бақыт, Жақсылық пен Үйлесімділіктің белең алып кете қоюы оңай емес екенін де ескерген ойшыл, барлық тұлғалық дамуды білімнің көкжиегін кеңейтуден бастау керек екендігін жақсы түсінеді.

Әл-Фарабидің ойынша, айналаңдағы адамдар бақытсыз болса, жеке бақыт баянсыз: «...бір адам басқаның өмір сүруіне қажет нәрсенің бірбөлігін беру арқылы адамдардың бір-біріне көмектесуіне негізделген көптеген бірігудің нәтижесінде ғана адам табиғатынан маңдайына жазылған кемелденуге жетеді» [2, 36 б.].

Міне, сондықтан да әл-Фараби ілімі жалпы рухани мұра, қазына ретіндегі құндылығы барлық мәдениеттерге ортақ игілік, ешкімді бөле-жармай әмбебап үйлесімділікті іздеуі - қазіргі кезең үшін маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1975 – 420 б.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар . - Алматы: Ғылым, 1973 – 448 б.

УДК 123.1

СВОБОДА В ЭКЗИСТЕНЦИАЛИЗМЕ

Султанова Арайлым Мураткановна

araisultanova93@gmail.com

магистрант специальности 6М020100 – «Философия» факультета социальных наук

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Толгамбаева Д.Т.

Экзистенциализм, при всей несхожести его представителей, отразил общий духовный кризис культуры в XX веке. Экзистенциализм рассматривает бытие человека как особую реальность, в которой недопустимы причинно-следственные связи, относящиеся не к человеку. Такие философы, как Ж.-П. Сартр, А. Камю, М. Хайдеггер, Л. Шестов, Н. Бердяев, М. Бубер в своих произведениях ставили такие сложные и актуальные вопросы человеческого бытия как смерть, отчуждение, страдание, свобода, одиночество, абсолютные ценности и другие вопросы экзистенциального порядка. Одна из важнейших экзистенциалистских категорий – свобода.

Известно, что экзистенциализм условно делят на религиозный и так сказать, атеистический. И в силу принципиально важных, исходных позиций в философии существования трактуется понятие свободы.

Для экзистенциализма религиозного направления свободу обретают только в Боге. Так, по убеждениям русского религиозного философа, сторонника «трагедии» и «абсурда», Льва Шестова, свобода – это Бог, познанная необходимость. Нужно познать Бога, примириться с ним, отдать себя в руки Бога. В центре философии Л.И. Шестова стоит существование одинокого человеческого Я, не желающего сливаться с единым, стремящегося отстоять свое право на индивидуальность, на уникальное личностное видение окружающего мира. Основой подлинного существования, по Л.И. Шестову, была свобода личности. Внутренняя и внешняя свобода, свобода духовная и политическая рассматриваются им не только в качестве основы подлинного бытия человека, но и высшей ценностью.

Религиозная вера в его творчестве выступает как высшая степень освобождения человека от власти «самоочевидных истин», как прорыв в область абсолютной свободы [1].